

**Қазақстан Республикасының аумағында стратегиялық және жай қару-жарақты қысқартуға байланысты шетелдік инспекция топтарының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі шаралар туралы**

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 25 мамыр 1995 ж. N 743

Қазақстан Республикасының қару-жарақты шектеу мен қысқарту саласындағы халықаралық шарттар жөніндегі міндеттемелерін орындау және Қазақстан Республикасының аумағында стратегиялық және жай қару-жарақты қысқартуға байланысты шетелдік инспекция топтарының қызметін қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі жанынан Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің жалпы саны есебінен заңды ұйым құқығы бар жеке арнаулы әскер бөлімі ретінде Қару-жарақты бақылау және инспекция қызметін қамтамасыз ету жөніндегі орталық (бұдан әрі - Орталық) құрылсын.

Б ы л а й      д е п      б е л г і л е н с і н :

Орталық бастығының дәрежесі оған ерекше жағдайларда шетелдік инспекция топтарын қабылдау жөнінде шешім қабылдау және басқа тараптармен қару-жарақты қысқарту жөнінде тиісті Шарттар алмасуды мәлімдеу жөнінде өкілдікті, сондай-ақ кейіннен Қазақстан Республикасының Үкіметке баяндай отырып шетелдік инспекция топтарының қызметін қамтамасыз ету мәселелері жөнінде Қазақстан Республикасының орталықтағы және жергілікті жердегі өкіметімен және басқару органдарымен өзара іс-қимылды жүзеге асыру құқын бере отырып министрлік Бас басқармасының л а у а з ы м ы н а т е ң е с т і р і л е д і .

Орталықтың жалпы штат саны 35 әскери қызметшіден және 15 қызметшіден ( а з а м а т т ы қ қ ы з м е т к е р ) т ұ р а д ы .

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚРҰ-нің 1996.04.29.

№ 523 қаулысымен. Р960523\_

2. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің жанындағы Қару-жарақты қысқартуды бақылау және инспекция қызметін қамтамасыз ету жөніндегі Орталық туралы Ереже (қоса беріліп отыр) бекітілсін.

3. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі:

Орталықтың белгіленген мөлшер шегіндегі тиісті штатын әзірлеп, оны әскери қызметшілермен және қызметшілермен жасақтасын;

Орталықтың пайдалануына қажетті көлік құралдарын, үй-жай және байланыс құралдарын б ө л с і н ;

Орталықтың қызметіне жедел басшылықты жүзеге асыратын болсын;

Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитетімен келісе отырып Қазақстан Республикасының аумағында шетелдік инспекция қызметін жүргізу барысында мемлекеттік құпияны қамтамасыз ету жөнінде шаралар қолдансын.

4. Қазақстан Республикасының аумағында инспекция объектілерінің орналасуын ескере отырып Арқалық, Семей, Петропавл, Балқаш, Орал қалаларының әуежайлары, Крайний әуе айлағы оларға ең таяу әуе айлағы ретінде ұйғарылсын.

5. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі: басқа Тараптармен тиісті Шарттарды дипломатиялық арналар бойынша қажетті мәлімдеуді Орталықпен өзара іс-қимылда жүзеге асыратын болсын;

Алматы қаласындағы келу-кету пункттеріне келу барысында шетелдік инспекция топтарының мүшелерін визамен қолдауды қамтамасыз етсін.

6. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі Қазақстан Республикасының аумағындағы шетелдік инспекция топтарының мүшелері келетін пункттерде қоғамдық тәртіптің қорғалуын қамтамасыз етсін.

7. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі: инспекциялық топтар ұшып келетін авиациялық техникаға навигациялық және инженерлік-әуе аймақтық қызмет көрсетуді қамтамасыз етсін. Қызмет көрсеткені үшін есеп айырысу қолма-қол ақшасыз нысанда теңгемен Орталық арқылы жүзеге асырылсын;

Қазақстан Республикасы ӘӘК арнаулы ұшақтарының келу-кету пунктінен (Алматы қаласының әуежайы) инспекция объектісінің ең таяу әуе айлағына дейін кедергісіз қозғалысын, сондай-ақ осы әуе аймақтарында оларға қызмет көрсетілуін, май құйылуын және қорғалуын қамтамасыз етсін;

стратегиялық шабуыл қару-жарағын қысқарту мен шектеу туралы Шарттың ережелеріне сәйкес келу-кету пунктінде (Алматы қаласындағы әуежайдың ғимаратында) қажетті үй-жай жабдықталсын;

Үкіметаралық байланыс желісінің торабы арқылы Қазақстан Республикасы мен Америка Құрама Штаттары арасындағы үздіксіз байланысты қамтамасыз етсін;

шетелдік инспекция барысында шетелдік инспекция топтарының инспекция жасаушы мемлекеттің Қазақстан Республикасындағы Елшілігімен байланысын қамтамасыз етсін.

8. Торғай, Семей, Солтүстік Қазақстан, Батыс Қазақстан, Жезқазған облыстарының және Ленинск қаласының әкімдері:

шетелдік инспекция топтарының мүшелері мен оларға ілесіп жүрген адамдарды ең таяу әуе айлағынан инспекция объектісіне дейін уақтылы жеткізу үшін көлік құралдарын даярлауды;

шетелдік инспекция топтарының мүшелері мен оларға ілесіп жүрген адамдарды, сондай-ақ Қазақстан Республикасы ӘӘК арнаулы ұшақтарының ұшқыш экипаж мүшелерінің орналасуы мен тамақтануын қамтамасыз ететін болсын.

9. Қазақстан Республикасы Кеден комитеті келу-кету пунктінде (Алматы қаласындағы әуежай) шетелдік инспекция топтарының мүшелері мен шетелдік инспекция топтарының мүшелері алып келе жатқан жүктер мен жабдықтарға қатысты кедендік процедуралардың жедел жүргізілуін

қамтамасыз етсін.

ЕСКЕРТУ. 9-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚРҰ-нің 1996.08.20.

№ 1031 қаулысымен.

Р961031\_

10. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Орталықтың қызметін қаржыландыруды бекітілген республикалық бюджет шегінде Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін ұстауға арналған жалпы шығын есебінен жүзеге асыратын болсын.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы  
Министрлер Кабинетінің  
1995 жылғы 25 мамырдағы  
№ 743 қаулысымен  
бекітілген

Қару-жарақты қысқартуды бақылау және бақылау  
қызметін қамтамасыз ету бойынша Қазақстан Республикасының  
Қорғаныс министрлігі жанындағы Орталық туралы  
Ереже

Ескерту. Ереженің мәтінінде сөздер алмастырылды - ҚРҰ-нің  
1996.04.29. № 523 қаулысымен.

I. Жалпы ережелер

1. Қару-жарақты қысқартуды бақылау және бақылау жұмысын қамтамасыз ету бойынша Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Бас штабының жанындағы Қазақстан Республикасының Ұлттық орталығы (ары қарай - Орталық) өзінің статусы бойынша министрліктің Бас басқармасына теңестіріледі және қару-жарақты қысқартуды бақылау жұмысын қамтамасыз ету сұрақтары бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметімен, министрліктері және ведомстволарымен тікелей және шұғыл байланысты жүзеге асыратын басқарушы орган болып табылады. Орталық стратегиялық және жай қару-жарақты қысқартуға байланысты бақылауды, сондай-ақ бақылауды жүргізуді жүзеге асырады. Орталық қару-жарақты қысқарту процесін бақылау және бұл қысқарту кезінде төтенше ядролық жағдайларды болдырмау мақсатында, Ресей Федерациясының ядролық қауіпті азайту бойынша орталығы, АҚШ Ядролық қауіпсіздікті азайту бойынша орталығы мен стратегиялық және жай қару-жарақты қысқарту бойынша келісімдерге қатысушы басқа да мемлекеттердің осындай орталықтарымен тұрақты байланыста болады.

2. Орталық Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Бас штабының бастығына тікелей бағынатын жеке әскери бөлім болып табылады.

3. Орталық өз қызметін Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулылары мен өкімдері, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің және Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Бас штабы бастығының бұйрықтары мен директивалары және осы Ереженің негіздерінде жүзеге асырады және оны стратегиялық және жай қару-жарақты қысқартуды бақылау сұрақтары бойынша халықаралық шарттар мен келісімдерді уақытылы және толық орындауға бағыттайды.

4. Орталық өз қызметі кезінде Қазақстан Республикасының мемлекеттік өкімет және басқару органдары, басқа министрліктер және ведомстволармен қару-жарақты қысқарту бойынша шарттар мен келісімдерді жүзеге асыру процесіне байланысты сұрақтарды шешуде әрекеттесе жұмыстанады.

5. Орталықты бір орынбасары бар бастық басқарады.

## II. Орталықтың міндеттері

Орталықтың міндеттері болып:

1. Қарусыздандыру мен қару-жарақты бақылау саласында төмендегі халықаралық

Ш а р т т а р д ы ң :

Ядролық қару-жарақты таратпау туралы Шарттың;

КСРО мен АҚШ арасындағы олардың орта және аз қашықтықтағы ракеталарын (ОАҚР) жою туралы Шарттың;

КСРО мен АҚШ арасындағы стратегиялық және шабуыл қаруларын (СШҚ-1) қысқарту және азайту туралы Шарттың;

КСРО мен АҚШ арасындағы ракетаға қарсы қорғаныс (РҚҚ) жүйелерін шектеу

т у р а л ы

Ш а р т т ы ң ;

Еуропадағы жай қару-жарақ күштері (ЕЖҚК) туралы Шарттың;  
Еуропадағы сенім мен қауіпсіздікті нығайту шаралары бойынша 1994 жылғы  
Веналық келіссөздер кұжатының;

Химиялық және биологиялық қару-жараққа тыйым салу туралы Конвенцияның,  
сондай-ақ стратегиялық және жай қару-жарақты қысқарту сұрақтары бойынша  
халықаралық келісімдердің ережелерін жүзеге асыруды қамтамасыз етеді.

2. Қазақстан Республикасы аумағында бақылауды қамтамасыз етуді реттейтін  
қ ұ ж а т т а р д ы ж а с а у .

3. Қазақстан Республикасы аумағында қатысушы мемлекеттердің  
бақылаушыларының бақылау қызметін ұйымдастыру және қамтамасыз ету, сондай-ақ  
басқа қатысушы мемлекеттер аумағында бақылауды ұйымдастыру және жүргізу.

4. Қарусыздандыру және қару-жарақты бақылау саласында шарттар мен  
келісімдерге қатысушы мемлекеттермен мәлімдеу қызметін ұйымдастыру және өткізу.

5. Қару-жарақты және әскери техниканы қысқартуды ұйымдастыру сұрақтары  
бойынша әскери бөлімдер мен әскери кәсіпорындар қызметін бақылау мен есепке  
а л у д ы ж ү з е г е а с ы р у .

6. Бақылауды материалдық-техникалық, көлік және тұрмыстық қамтамасыз етуді,  
тиісті шарттар мен келісімдердің ережелеріне сай ұйымдастыру.

7. Бақылау қызметін жүргізу процесінде Қазақстан Республикасының ұйымдары  
мен ведомстволарымен өзара есеп айырысуды жүзеге асыру.

8. Шарттарға қатысушы мемлекеттер аумақтарында бақылауды жүргізу үшін  
Қазақстан Республикасының басқа да мүдделі министрліктері және ведомстволарымен  
бірге отырып бақылаушыларды іріктеу және дайындауды жүзеге асыру, оларды  
у а қ т ы л ы ж і б е р у д і ұ й ы м д а с т ы р у .

9. Қазақстан Республикасы аумағында және басқа да шарттар  
қатысушы-мемлекеттердің аумақтарында бақылау қызметіне және қару-жарақты  
қысқартуға талдау жасау, оның негізінде Қазақстан Республикасының Үкіметіне  
ұ с ы н ы с т а р д а й ы н д а у .

10. Қазақстан Республикасы аумағында шетелдік бақылау қызметін жүргізу кезінде  
мемлекеттік және әскери құпияларды сақтау бойынша шараларды ұйымдастыру.

11. Қазақстан Республикасы аумағында стратегиялық және жәй қару-жарақты  
оларды жою және қайта жабдықтау орындарында қысқарту процесіне есеп жүргізу  
ж ә н е б а қ ы л а у .

12. Үкіметаралық байланыс торабының тәуліктік қызметін қамтамасыз ету,  
мәліметтерді қабылдау, беру бойынша кезекші сменалардың тәуліктік жұмысын  
ұйымдастыру. Орталықтың басшылығын, Қазақстан Республикасының тиісті  
ұйымдары мен ведомстволарын тиісті мәліметтер немесе бақылау қызметінің  
сұрақтары бойынша шұғыл түрде хабарландыруды ұйымдастыру.

13. Қазақстан Республикасы аумағында бақылауды жүргізуге қатысы бар мемлекеттік органдар және басқа да ұйымдармен, олардың осы бақылауларға үнемі дайындығын қамтамасыз ету мақсатында өзара байланысты ұйымдастыру болып т а б ы л а д ы .

### III. Орталыққа берілетін құқықтар

Орталыққа төмендегі құқықтар беріледі:

1. Қажет болғанда Қазақстан Республикасының Үкіметіне мына сұрақтар д а й ы н д а л с ы н :

а) бақылау қызметін дайындау және қамтамасыз ету процесі кезінде Қазақстан Республикасының министрліктері мен ведомстволары, мемлекеттік өкімет органдарымен өзара әрекеттестікті ұйымдастыру бойынша;

б) қару-жарақты қысқарту туралы шарттарға қатысушы-мемлекеттердің аумақтарындағы объектілерді бақылау үшін жіберілетін Қазақстан Республикасының бақылау топтарын жинақтау бойынша;

в) бақылау қызметін қамтамасыз ету және бақылауды жүргізу процесінің тиімділігін арттыру бойынша;  
ұсыныстарды енгізуге дайындау.

2. Үкіметаралық байланыс торабы арқылы қару-жарақ пен қарулы күштер, сондай-ақ бақылау қызметіне қатысты ақпараттармен алмасу туралы мәлімдемелерді ж і б е р у .

3. Оларда сынау тексерулерін жүргізу жолымен, бақылауға арналған объектілерде д а й ы н д ы қ т ы ұ й ы м д а с т ы р у .

4. Қару-жарақты қысқарту туралы шарттардың тиісті ережелерін іске асыру үшін Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігінің басқармалары, бөлімдері және қызметтерінен, басқа да министрліктер мен ведомстволардан қажетті ақпарат сұрау ж ә н е а л у .

5. Қару-жарақты және әскери техниканы, оларды қайта жабдықтау процесі кезінде қ ы с қ а р т у п р о ц е с і н б а қ ы л а у .

6. Орталықтың тиісті мамандарын, олардың келісім процестеріне сарапшы ретінде қ а т ы с у ы ү ш і н б а ғ ы т т а у .

7. Шетелдік мемлекеттерден келіп түскен шақырулар және оған Қазақстан Республикасы Үкіметінің рұқсатына сәйкес Орталықтың әскери қызметшілері мен қ ы з м е т ш і л е р і н о қ у ғ а жіберу.

8. Орталық Қаржы министрлігімен келісім бойынша тиісті шетелдік мемлекеттермен бақылауды жүргізуге байланысты тікелей өзара есеп айырыса алады.

### IV. Қорытынды ережелер

1. Орталық туралы Ережені Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

2. Орталық заңды құқығы бар мекеме болып табылады, оның есеп-айырысу, соның ішінде валюталық есеп айырысу шоты, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген мөрі және өзінің қазақша және орысша аты, бланктері мен штамптары бар.

3. Орталықтың қызметін қаржыландыру Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен төмендегі тәртіпте:

а) 1995 жылы - Қазақстан Республикасының 1995 жылға арналған бюджетімен қарастырылған жалпы шығындар есебінен Орталықтың нақты шығындары бойынша;

б) 1996 жылдан және ары қарай - Орталықтың қызметін қамтамасыз ету үшін бөлінетін сметаға сәйкес жүргізіледі.